



ДЕБИЕТ

КАЗАК

ЭДЕБИЕТ

КАЗАК

ДЕБИЕТ

Казақ

Сайлонда

1000

ӨТКІРДІҢ ЖУЗІ, КЕСТЕНІҢ БІЗІ...

Абай поэзиясы — сол замандағы қоғамдық өмірдің ең курделі, ең жанды маселелерін қозғаган, толғаган поэзия. Абай шығармаларының казак әдебиеті, мәдениеті тарихында өзінше бөлек, өресі аса биік, мұлде жаңа ой-пікір, көркем сезім әлемін ашқан даусыз. Абайдың акындық шеберлігін, асқан суреткерлігін танытатын ерекшеліктерді, әрине, бір мақалада тольға көрсету мүмкін емес. Осының ойлай отырып, біз Абайдың дүниежүзілік поэзияның ең тамаша туындыларымен тен түсегін лирикалық өлеңдерінің екеуін ғана алғып, зер салып үнде қарамақшымыз.

Алдымен тоқталатынымыз:

Желсіз түнде жарық ай
Сәулесі суда дірілдеп;
Ауылдың жаны терең сай,
Тасызың өзен гүрлідеп,—
деп басталатын не бәрі 20
жол өлең.

Осы өлеңде тіл кестесінің барлық ерекшеліктері, боянтары, эпитет, метафора, басқа суреттеу, бейнелеу құралдары — бәрі не нәрсеге, не күбыльска болын ақынша қарап, эстетикалық түргыдан баға беру талабына бағындырылған. Түні желсіз, ай жарық. Су бетінде ай сүзлесі дірілдеп көрінеді. Ауылдың жанында, терең сайда өзен тасып, гүрлідеп ағып жатыр. Ақын түнді желсіз, айды жарық, сайды терең деп бейнелейді, сүзленің дірілдеп көрінген қалпын, өзенің гүрлідеп естілген шуын нақтылады сипаттап береді.

Осындай қөлемі шак өлеңде үлі ақын жазда өзен жағасына көшіп келіп қонып отырған мал баққан ауылдың өмір-тұрмысының асқан суреткерлікпен бейнелеуі ғажап-ақ. Қазақтың даласы, туні, айы, тауы, өзен-сүв, жапырағы жайқалған ағашы, жазғы жердің көк майса жасыл шебі, көшпелі елдің қонған қоныс-жайлауы, баққан малы, жастандың пәк, таза сүйіспеншілік сезімі, махаббаты, жастығын, алғашқы махаббатын сағынып еске алған қазақтың осындай айлы түнде ауыл сыртында, аулақта жолығатын шағын армандауы — біз бір өлеңден осыншама шындықты табамыз, өткен гасырдағы қазак өмірінің тулас бір картинасын көреміз. Осының бәріне қоса, әсіреке бізді тебірентетін жай — өлеңнен халықтың көркемдікті, сұлулықты сезінуінің каншалықты терең, өсерлі екені де айқын танылады.

Далаңың айлы түнінің осың бір әсем поэзиялық суреттің өзі-ақ қазак әдебиетінде акындық сезімінің, әдемілікі түсінудің дөүр шындығымен, өмір-шындығымен каншалықтың қабысып, тамырыласып жатқанына дәлел бола алды.

Осы айтылған өлеңге тақырыбы жағынан үндес келетін лирикалық жыр «Жазды күн шілде болғанда». Бұл шығарманың көркемдік сапасын ете жоғары бағалаган Илияс Жансуғиров ол туралы айта келіп, былай деп жазды: «Абайдың жыры ыргак, музыка, дыбыс құралысы жағынан төрліп кетеді. Абайдың бұл өлеңдерінде бір акындық өзгешелігі — ол өлең үйқасындағы етістіктердің сайдың тасындағы ірі, қымылды, қозғалыстың көрсетуге жандылығы».

Илияс Жансуғиров үлі ақынның осы өлеңінің көр-

кемдік қасиетін, әсіреке, тіл үйқасындағы өзгешелігін дәл тауып, ете орынды айтқан.

Бұл жырында Абай негізгі желілі үйқасты ұзақ сактайтын шұбыртпалы жыр өрнегін асқан шеберлікпен қолданып, өлеңнің басынан аяғына шейін дерлік бір үйқасты қайталап отырады. Және үнемі бірынғай үйлесетін, грамматикалық құрылышы жағынан бірнәне бірін үклас етістік сөздерді үйқаска кіргізеді. Осының өзі-ақ, ақынның үйқаска ете улкен мән бергенін байқатады.

Жаздыкүн шілде болғанда, Қекорай шалғын

бәйшешек

Ұзарып өсіп толғанда;

Күркіреп жатқан өзенге

Көшіп ауыл қонғанда:

Өлеңнің осы бас жағындаған үйқас басқаша. Бірақ, бұл жеңіл шумак емес, ұзақ жыр түйдегінің басқы бір бөлшегі ғана. Мұндағы үйқас тек қосымша, жанама үйқас кана. ОНАН ЕРІ ӨЛЕҢДЕ жаңа үйқас, желілі үйқас бірден жарқ, етіп шыға келіп, үнемі қайталанып, өлең аяқталғанша созыла береді.

Шұрқырап жатқан

жылқының

Шалғыннан жоны

қылтылдаш,

Ат, айтырлар, биелер

Бүйірі шығып, ыңқылдаш,

Суда тұрып шыбындалап,

Қүйрыймен шылылдаш...

— дегендегідей болып өлеңнің ең бойында қылтылдаш, ыңқылдаш, шылылдаш деп басталып, ері қарай жалғаса беретін негізгі бір үйқас сақталады. Ақын жыр өлшемін, түйдегін қолданғанда, 7—8 буынды тармақтарды кесек топтастырып, тұтастырып. әкесте, және неғізгі, желілі үйқасты неғұрлым көбірек қайталаса, өлең ыргағының екпіні шириғып, күшеше түсіп, сезағымын үдетіп, тасқындастып әкетуге мүмкіндік туатының мүқият ескерген.

Негізгі үйқастан басқа, әдетте, жырда қолданылатын, әр жерде бір көрініп қалатын кейбір катараптардың өзара үйлесі де бар:

Мәселең:
Сабадан қымыз қүйдірып,
Ортасына қойдірып;

Немесе:
Бай байғұсым десін деп,

Шақырып қымыз берсін

деп,—
дегендегі қүйдірып-қойдырып, десін деп-берсін десін деген сөкілді. Бірақ, ондай тармақтар көп емес.

Бұл өлеңде Илияс Жансуғиров айтканда, үйқаста қолданылатын қатарынан тізбектелген етістіктердің көшпелі ауылдың қымыл-әрекетіне толы өмір-тіршілігін көрсетуде орны ерекше. Абай осы шығармасында қазак елінің өмір шындығының асерлі тартымды сурет арқылы бейнелеп берудің таңаша, үздік үлгісін тузыған десек, акынның осындағы асқан суреткерлік қуатын танытатын өлең тілінің бейнелілігі, көркемдігі, сөздерінің бояуы жасанды емес, сағаталығы.

Бұл қебінен көрініп-орнына ете кисынды тауып қойылған, қатарласып тұтасқан көп етістіктерден анық байқалады.

Жазды күнгі жайлаудағы қазак аулының өмір-тұрмысының суреттегендеге Абай жаңадың келуі — мал бағамен күнелткен көшпелі елге көп жеңілдік, қуаныш-қызық, әкелгендегі көрінетінін байқатады, «жаз-жазыл, қысқысып» дейтін елдің жазды-

күні оған жадырап қалатының айқын сөздіреді. Ақынның өзінің сипаттамасы да жағынан, сипаттамасы да көркем бейнесін көрсетуге лайық, орайлы алғынған. Ұзарагын өсіп, толған жасыл шөп, бәйшешші гүлдер де, күркіреп жатқан өзен де осы түрьгыдан қарағанда бірден-бір жақеттің белгілер.

Өлеңде онан әрі әрекеткимес, абыр-сабыры мол өмір тұрмыс көз алдымыздан тізбектеліп етіп жатады. Осыдан бастап шынайы өмір ақиқатын танытатын көркем сипаттамалардың дені, басым көпшілігі үйқастағы етістіктер арқылы беріледі, не осы соңылармен тыныш байланысты келіп отырады. Жылқының шұрқырап жатқан деп бейнелеуі сөкілді жекелеген эпитет, мәнерлі сөздер болмаса, мысалы ат, айтырлар, биелердің бүйірі шығып десі, ыңқылдаш деген үйқастағы етістікпен біргіліп, тұтасып кетеді. Ал өлеңнің үйқастарын қурайтын етістіктердің орасан көркемдік-бейнелігі ақынның өмірдегі шындықты терең көрсетуге шеберлігін, үлі суреткерге тән не нәрсесін сыр-сипаты, өзгешелік қасиеттерін болсын мұлтіксіз байқайтын көрекендігін таутының даусыз. Жылқының білік шалғыннан жоны қылтылдаш көріні, кекке әбден тойып алған ат, айтырлар, биелердің бүйірі шығып ыңқылдаш түрү, не шыбындағанда суга кіріп, құйрығымен шылылдаш тұрган қалпы, құлын-тайлардың бұлтылдаш шауып жүруі, үйрек-қаздың сымылдаш жогары-темен үшшіп жүруі, үйтігіп жүрген қыз-келіншектердің бурала басып былқылдаш қимылдауы, сыңқылдаш құлу, не болмаса, аш баланың ет егер деп ыңқылдаш сұрауы, самаурының бүркүлдаш қайнауы, не болмаса, жарамсақ шалдың жалпылдаш сойлеуі, қошамет көрсеткенде қарқылдаш құлу, жылқыштың күні бойы салпылдаш жүргені—осының бәрі дамылсыз тіршілік белгілері, ешбір қоспасы жоқ, қалтқысыз өмір шындығын ашып айқын көрсететін сипаттамалар.

Байқап қарасақ, үйқасқан сөздердің бәрі де жыр тармағының соңғы бунағын бүтіндей қамтиды, тегіс үш буынды. Мұның да өзінше мәні бар, өйткені бұл үйлескен сөздердің дыбыс үндес-тігін қоюлатып, үйқасты ірілетіп, ерекше көзге түсіреді. Оның үстіне, әсіреке, көңіл аудараптың жай — өлең үйқасына кіргізілген осы көп етістіктер түгелдей бір тектес сөздер болып келеді, олар грамматикада еліктеуіш сөздер деп аталаңы, дыбыстық құрамы, айтылу-естілуі мәғынасына үқастырылып, тікелей сәйкес алғынған сөздер. Қазак тілінде, соның ішінде өлең тілінде ете көп қолданылатын мұнданай сөздердің көркемдік, мәнерлілік қасиетін, қымыл-әрекеттің көрінісін, не дыбыс-үнін айыттың жеткізетін мәғыналылығын Абай анық байқап, үтимды пайдалана білген.

Ақын әр қозғалыс, қымыл-әрекетті көзге елестетерліктер етіп көрсетіп, сол сөзбен мұсінде отырған адамына, немесе мал, яки құска жан бітіргендей, жансыз нәрсе болса қолға үстәтқандай қып бейнелейді. «Жазды күн шілде болғанда» өлеңнің бұл ерекшеліктері қайнашып жатқан шынайы өмірдің окушының көз алдына алып келетін реалист ақынның бейнелеуі әдісін, тәндесі жоқ суретшілік шеберлігін жақсы танытады.

Абайдың жүзедеген өлең жырларының кай-қайсысын алсақ та, біз одан шексіз бай өмір шындығын көріміз, тәндесі жоқ ақындық шеберлік, суреткерлік, көрекем сипаттасиет табамыз.